

ЕЛДІ ІС БІРІКТІРЕДІ, СӨЗ БҰЗАДЫ

Елімізде 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесінің мәні қай кездегіден де айрықша болып отыр. Себебі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Жаңа Қазақстанды құру мақсатында ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр.

Бұл реформалардың нәтижелі болуы үшін бүкіл қоғам жаңару мен жаңғыру идеяларының маңына топтасуы керек. Яғни, Жаңа Қазақстанды тек үлттық бірлік арқылы ғана құра ала-мыз. Дегенмен, бұл бірлік құрғак сөз бен жалаң ұрандарға емес, әлеуметтік әділеттілікке, заң үстемдігіне және ашықтық пен жариялыштық негізделген бірлік болуы тиіс.

Жалпы, бір мемлекеттің іргесі берік болып, өзінің егемендігі мен аумақтық тұтастығын, халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алуды және жаһандық масштабта болмаса да, өзі орналасқан аймақта сөзі өтімді, салмағы бар құшке айналуы үшін 7 критерий маңызды.

Біріншісі – энергия. Сыртқа тәуелді болмайтындағы энергия көздеріне ие болу және оның өз бетінше өндей білу қабілеті. Екіншісі, жоғары технологияларға негізделген заманауи әскери өнеркәсіп саласының қалыптасуы. Ушіншісі, тәрбиелі, отанышыл, білімі мен біліктілігі жоғары жастардың көп болуы әрі орнықты демографиялық есім қамтамасыз етілуі керек. Төртіншісі, сыртқы факторлардың әсерінен шайқалып, кетпейтін күшті экономика болуы шарт. Бесіншісі, тәуелсіз әрі



мықты, мемлекетшілдік мұраттарына адаптация және арнаулы қызметтер болуы. Алтыншысы, мемлекеттің әлемдік және өнірлік деңгейдегі мәселелерге қатысты тәуелсіз әрі берік ұстанымы, сол ұстанымға негізделген дербес сыртқы саясаты болуы керек. Және ең соңғы әрі маңыздысы – мемлекет осының бәріне ие болуы үшін ол ұзақ мерзімді бейбітшілік, тұрақтылық және дайындық кезеңіне мұқтаж.

Мұның бәрін не үшін айтап отырымыз? Тыныштық пен бейбітшілік кезеңін үзіп алмауымыз, орнықты да-муды жалғастыра беруіміз үшін, ең әуелі, ішкі бірлік аудай қажет. Қантар оқиғасындағыдан арандатулардан, қоғамның ішінде іріткі салудан, әлеуметтік тоқыраудан бойымызды аулақ ұстауға талпынған жән. Демек, қазақ мемлекетіне қызмет етуіді ойлаған адам елдің ынтымағы мен бірлігін нығайтудың қамын ойлауы тиіс. Мерекенің маңызы, міне, осында жатыр.

Сәкен МАЖИНЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің
проректоры, саясаттанушы